

Research paper/Оригинальная статья

<https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-1-19-32>

МРНТИ 06.39.02

JEL: F5; H1; H11; I28

Assessment of the Public Administration System of the Republic of Kazakhstan in the Context of a Pandemic

Ardaktygul N. Zhanbyrbayeva¹, Yana A. Yeraliyeva^{1*}

¹ Narxoz University, 55 Zhandosova str., 050035, Almaty, Kazakhstan

Abstract

The global pandemic has significantly disrupted the functioning of certain branches of public administration. Still, it has become a springboard for the accelerated development of new technologies, including remote work, a flexible approach to strategic decision-making and services. The purpose of the study is to analyze the public administration system in the context of the pandemic as a whole, the adopted reforms, comprehensive differentiation using specific social methods, comparative methods, and providing recommendations. Individual event analysis of the reforms implemented by our country during the pandemic was also carried out, and the results were analyzed on the basis of this analysis method. The article also analyzes the actions of giant states such as the People's Republic of China, Great Britain, France, the Netherlands, Turkey, Korea, and Germany during the pandemic to combat the crisis. Summing up the results of the research goal, we came to the conclusion that, first of all, it is necessary to ensure the satisfaction of the population with the country's public administration system, regulate the healthcare sector, develop medical production, organize full coverage of the people with domestic food products, increase the quantity and quality of export-oriented goods, increase the demand for scientific laboratories and qualified specialists, strengthen information security. The results of the research in the article, i.e. recommendations, can be used in the process of public administration to prevent such gaps in the conditions of rapid action in a crisis.

Keywords: Public Administration, Pandemic, Economy, Healthcare, Social Development.

For citation: Zhanbyrbayeva, A.N. & Yeraliyeva, Ya.A. (2022). Assessment of the public administration system of the republic of Kazakhstan in the context of a pandemic. *Economics: the strategy and practice*, 17(1), 19-32, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-1-19-32>

* **Corresponding author:** Yeraliyeva Ya.A. - PhD, Narxoz University, 55 Zhandosova str., 050035, Almaty, Kazakhstan, 87772133198, e-mail: [yana.yeraliyeva@narxoz.kz](mailto: yana.yeraliyeva@narxoz.kz)

Conflict of interests: the authors declare that there is no conflict of interest.

Financial support. The study was not sponsored (own resources).

The article received: 12.01.2022

The article approved for publication: 19.02.2022

Date of publication: 30.03.2022

Пандемия жағдайындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін бағалау

Жанбырбаева А.Н.,¹ Ералиева Я.А.^{1*}

¹ Нархоз университеті, Жандосов 55, 050035, Алматы, Қазақстан

Түйін

Жаһандық пандемия мемлекеттік басқарудың жекелеген салаларында жұмыс істеу тәртібін айтарлықтай бұзды, бірақ ол жаңа технологияларды, соның ішінде қашықтан жұмыс істеуді, стратегиялық шешімдер қабылдауға икемді көзқарасты және қызметтерді жедел дамытудың трамплиніне айналды. Зерттеудің мақсаты жалпы пандемия жағдайындағы мемлекеттік басқару жүйесін, қабылданған реформаларды ивент талдау, нақты әлеуметтік әдіс, салыстырмалы әдістерді пайдалану арқылы жан-жақты саралап, ұсыныстар ұсыну болып табылады. Еліміздің пандемия кезінде енгізген реформаларына жеке ивент талдау жасалып, аталған талдау әдісінің негізінде нәтижелері сараланды. Сондай-ақ, мақалада, пандемия кезінде Қытай Халық Республикасы, Ұлыбритания, Франция, Нидерланды, Түркия, Корея, Германия сияқты алпауыт мемлекеттердің дағдарыспен күресу жолындағы қабылдаған іс-әрекеттері талданды. Зерттеудегі тұжырымдамаларды қорытындылай келе, бірінші кезекте еліміздің мемлекеттік басқару жүйесінің халықтың көңілінен шығуын қамтамасыз ету, денсаулық сақтау саласын реттеу, медицина өндірісін дамыту, халықты отандық азық-түлікпен толық қамтуды ұйымдастыру, экспортқа бағытталған тауарлардың саны мен сапасын арттыру, ғылыми зертханалар мен білікті мамандарды сұранысын арттыру, ақпараттық қауіпсіздікті күшейту керек деген тұжырымға келдік. Мақаладағы зерттеу ұсыныстарын дағдарыс кезінде жылдам шара қолдану жағдайында осындай олқылықтардың алдын алу үшін мемлекеттік басқару процесінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: мемлекеттік басқару, пандемия, экономика, денсаулық сақтау саласы, әлеуметтік даму.

Дәйексөз алу үшін: Жанбырбаева А.Н., Ералиева Я.А. (2022). Пандемия жағдайындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін бағалау. Экономика: стратегия және практика, 17(1), 19-32, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-1-19-32>

***Хат-хабаршы авторы:** : Ералиева Я.А. - PhD, Нархоз университеті, Жандосов к., 55, 050035, Алматы к., Қазақстан, 87772133198, e-mail: yana.yeralyeva@narхоз.kz

Мүдделер қақтығысы: авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Қаржыландыру. Зерттеу демеушілік қолдау көрсеткен жоқ (меншікті ресурстар).

Мақала редакцияға түсті: 12.01.2022

Жариялау туралы шешім қабылданды: 19.02.2022

Жарияланды: 30.03.2022

Оценка системы государственного управления Республики Казахстан в условиях пандемии

Жанбырбаева А. Н.,¹ Ералиева Я. А.^{1*}

¹ НАО университет Нархоз, ул. Жандосова 55, 050035, Алматы, Казахстан

Аннотация

Глобальная пандемия значительно нарушила порядок функционирования в отдельных отраслях государственного управления, но стала трамплином для ускоренного развития новых технологий, в том числе удаленной работы, гибкого подхода к принятию стратегических решений и услуг. Целью исследования является анализ системы государственного управления в условиях пандемии в целом, принятых реформ, всесторонняя дифференциация с использованием специфических социальных методов, сравнительных методов и предоставление рекомендаций. А также проведен индивидуальный ивент-анализ реформ, внедренных нашей страной в период пандемии, на основе данного метода анализа были проанализированы результаты. В статье также проанализированы действия, предпринятые такими гигантскими государствами, как Китайская Народная Республика, Великобритания, Франция, Нидерланды, Турция, Корея, Германия во время пандемии для борьбы с кризисом. Подводя итоги поставленной цели исследования, мы пришли к выводу, что в первую очередь необходимо обеспечить удовлетворенность населения системой государственного управления страны, регулирование сферы здравоохранения, развивать медицинское производство, организовать полный охват населения отечественными продуктами питания, повысить количество и качество экспортоориентированных товаров, повысить спрос на научные лаборатории и квалифицированных специалистов, усилить информационную безопасность. Результаты исследования в статье, т. е. рекомендации, могут быть использованы в процессе государственного управления для предотвращения подобных пробелов в условиях быстрого принятия мер в условиях кризиса.

Ключевые слова: государственное управление, пандемия, экономика, здравоохранение, социальное развитие.

Для цитирования: Жанбырбаева А.Н., Ералиева Я.А. (2022). Оценка системы государственного управления Республики Казахстан в условиях пандемии. Экономика: стратегия и практика, 17(1), 19-32, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-1-19-32>

Корреспондирующий автор: Ералиева Я.А. - PhD, НАО университет Нархоз, ул. Жандосова, 55, 050035, г. Алматы, Казахстан, 87772133198, e-mail: yana.yeralyeva@narхоз.kz

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Финансирование. Исследование не имело спонсорской поддержки (собственные ресурсы).

Статья поступила в редакцию: 12.01.2022

Принято решение о публикации: 19.02.2022

Опубликовано: 30.03.2022

Кіріспе

Қазақстанда мемлекеттік басқару соңғы 3 онжылдықта түбегейлі өзгерістерге ұшырады. 30 жыл ішінде республикамыздың мемлекеттік аппарат қызметінің құзыреттілігі мен ашықтығының жеткілікті жоғары деңгейі бар кәсіби мемлекет құруға қол жеткізді.

Қазақстан Республикасының Елбасы «Қазақстан-2050» «Стратегиясында жалпы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік басқаруда айтарлықтай революция жасалғанын айтады [1]. Мемлекеттік басқару теориясының терең тарихи тамыры бар. Мемлекеттік басқаруды теориялық тұрғыдан қарастыру ұлы ежелгі ойшылдар Платон мен Аристотельдің есімдерімен байланысты. Ал, практикалық тәжірибесі Майя империясы, Ахеменидтер империясы, Ұлы Рим империясы, Умайяд халифаты, Моңғол империясы, ұлы Осман, испан, француз, Британ империялары, Цин әулеті империясы, Ресей империясы және соңғысы Кеңес Одағы сияқты бүкіл әлем тарихында болған ірі мемлекеттік құрылымдардың әдістерімен сипатталады.

Мемлекеттік басқарудың үлкен теориялық үлесі ағылшындық Дж. Локк [2], француздық Ш. Монтескье [3], американдық демократияның негізін қалаушы Т. Джефферсон [4] және т.б. алпауыт елдердің ғалымдарының мемлекеттік басқару жүйесіне қосқан еңбектері осы уақытқа дейін мемлекеттік басқару саланының дамына оң әсерін тигізуде. Аталған ғалымдардың еңбектері ҚР сияқты дамушы жас мемлекеттердің қалыптасып, ілгерілеуіне көп септігін тигізуде.

Сонымен бірге, мемлекеттік басқару жүйесі әр елде саяси жүйенің ерекшеліктеріне, әртүрлі саяси режимдерге сәйкес құрылады, бұл әлеуметтік процестерді мемлекеттік реттеу мен басқарудың нақты принциптерін, ұйымдастыру нысандары мен әдістерін анықтайды. Мемлекеттің саяси, экономикалық және әкімшілік қызметінің жалпы объективті заңдылықтары нақты емес, сонымен бірге басқару жүйелерінің нақты модельдерінің түрлерін анықтамайды.

Мемлекеттік басқару теориясы - отандық және шетелдік зерттеушілер, саясаткерлер мен практиктер жинақтаған білімді қамтитын халықаралық ғылым.

Г.В. Атаманчук [5], Д.П. Зеркин, В.Г. Игнатов [6] сияқты Ресей ғалымдарының зерттеулерінде мемлекеттік басқару теориясы жан-жақты талқыланды.

Ал отандық Ж. Ихданов, Ғ.Н. Сансызбаева, Р.Ғ. Есенжігітова т.б. [7] сияқты ғалымдардың еңбектерінде де сараланып, ҚР мемлекеттік басқаруына өз үлестерін қосты.

Бүкіл дүние жүзіне коронавирус инфекциясының жылдам таралуы, сонымен қатар елдердегі төтенше жағдайлардың ендірілуі мемлекеттік басқаруға көп әсерін тигізді. Сол себепті пандемия мемлекеттік басқару жүйесін ақпараттандыруға жалпы адами ресурстарды басқаруға септігін тигізді.

Шет мемлекеттердің және еліміздің үкіметі пандемия кезінде қашықтан жұмыс істеуге және оқуға көшу, транспорттық және әуе қозғалыстарына шектеу қою, қоғамдық кездесулерге тыйым салу, денсаулық сақтау мекемелерін барынша қаржыландыру, жаңашыл әлеуметтік қамсыздандыру нысандары енгізу, вирустың одан әрі таралмауына шаралар қабылдады. Бұл шаралар мемлекеттік басқару жүйесіне елеулі өзгерістер әкелді.

Әдебиетке шолу

Мемлекеттік басқару жүйесін шет елдік және отандық ғалымдар өз еңбектерінде зерттеп, айқындап, тәжірибеде қолданып, ұтымды нәтижелерін көруде.

Ежелгі грек ойшылы Платон айтуы бойынша, жалпы мемлекет – бұл адамдардың азаматтық борышын өтеу мақсатында бірігуі деген [8, б.13]. Сол себепті қай мемлекеттің азаматы болмасын өз елінің патриоты және басқаруына үлес қосуы керек.

Итальяндық ғалым Н. Макиавеллидің еңбегінде мемлекеттік басқарудағы қажетті халықтық мүдделерді жүзеге асыру дұрыс жолға қойылған болса, онда ортақ игілікке жоғарғы деңгейде қол жеткізіледі деген ой айтқан. Яғни, кез - келген мемлекеттің басқарылуы жүйелі, нақты бағдарланған болуы тиіс [9, б.17].

Ағылшын философы Томас Гоббс мемлекетті «тұтас тұлға», «тәуелсіз жоғары билеуші», «оның қалауы халықтың қалауы» деген тұжырымды ойлар айтады. Сондықтан мемлекеттік басқару кезінде халықтың ойы мен мүмкіндігін ортақ қорғаныс ретінде пайдалана білу керек [10, б.40].

Отандық ғалым Мухтарова К.С. өз еңбегінде мемлекеттік басқару – бұл мемлекеттің билік күшіне негізделген оларды реттеу және жүйелі дамыту мақсатында әлеуметтік қатынастар жүйесіне практикалық, ұйымдастырушылық және реттеуші әсері болып табылатындығын айтқан [11, б.112].

Дегенмен, еліміз жас мемлекет, дамушы мемлекет болғандықтан көптеген мәселелер орын алуда. Атап айтқанда, Мамыров Н.К., Саханова А.И., Ахметова Ш.С., Брузати Л. сияқты ғалымдар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару тиімділігінің проблемалары жеткілікті түрде

дамымаған», – деп есептейді [12, 6.77]. Сондықтан қызметтің әртүрлі салаларындағы мемлекеттік басқару тиімділік жүйесін талдауға бағытталған толық және тұжырымдамалық ғылыми іздестіру қажет.

Ал, пандемия жағдайында мемлекеттік басқару жүйесі тіптен көптеген өзгерістерге ұшырады және барынша ұтымды басқару реформаларын қажетсінуде.

Әдіснама

Мемлекеттік басқаруға қатысты әдістеме субъектілер мен объектілердің, мақсаттар мен міндеттердің, қағидаттардың, тәсілдер мен функциялардың, өлшемдер мен көрсеткіштердің, басқару нысандары мен әдістерінің жиынтығын білдіреді.

Мемлекеттік басқарудың маңызды құрамдас элементі басқару әдіснамасының барлық компоненттеріне шешуші әсер ететін әдіснамалық көзқарастар мен тәсілдер болып табылады.

Мемлекеттік басқаруды зерттеуде әртүрлі әдіснамалар кеңінен қолданылады. Мысалы:

- тарихи деректерді пайдалану арқылы мемлекеттік басқару тенденциялары анықталады;
- нақты әлеуметтік әдістер, яғни, сауалнама, сұхбат, халық, мемлекеттік және жергілікті қызметкерлер;
- әлеуметтік-сапалық зерттеу әдістері мысалы, қызметкерлердің әртүрлі топтарының әлеуметтік артықшылықтарын анықтау үшін;
- құқықтық, яғни, мемлекеттік басқаруды реттейтін нормативтік актілерді зерттеу;
- салыстырмалы құқықтық мысалы, шетелдік басқару модельдерімен салыстыру әдістері пайданылады.

Аталған мақалада әлемдік пандемия дағдарысындағы ҚР үкіметінің қабылдаған шаралары, яғни, тарихи әдіс инвент талдау арқылы сараланды. Сонымен қатар, нақты әлеуметтік әдіс - әлем халқынан алынған сауалнама «Сенім барометрі» атты зерттеуі берілді. Салыстырмалы әдіс те қолданылды, ол пандемия кезінде шет елдердің мемлекеттік басқару жүйесін салыстырып талданды.

Зерттеу аясында ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық бюросының, халықаралық ұйымдардың мәліметтері пайдаланылды. Қолданылған мәліметтердің нәтижесінде пандемия жағдайындағы мемлекеттік басқарудың әлеуетін анықтап және оның ұтымды дамуына әсер етуші факторларды салыстырып, тиімділігі анықталды.

Зерттеу нәтижелерін талқылау

Жаһандық пандемия мемлекеттік басқарудың жекелеген салаларында жұмыс істеу тәртібін айтарлықтай бұзды, бірақ ол жаңа технологияларды, соның ішінде қашықтан жұмыс істеуді, стратегиялық шешімдер қабылдауға икемді көзқарасты және қызметтерді жедел дамытудың трамплиніне айналды.

Пандемия мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметке әсері, халықтың осындай сын-тегеуріндермен күресу қабілетін, цифрлық технологиялардағы ролін және мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін арттыруды, сондай-ақ пандемиядан кейінгі дәуірде туындайтын жаңа сын-тегеуріндермен тиімді күресу үшін жақсартулар жүргізу қажет сыни салаларды дамытуды талап ететіндігі белгілі.

Жалпы әлемде 15 ірі пандемия оқиғалары болды (кесте -1).

Пандемия әлеуметтік құндылық қана емес, сонымен қатар маңызды әкімшілік капитал болып табылатын қоғамдық сенімнің өмірлік маңыздылығы болып табылады.

Кез келген үлкен ауқымдағы індет әлемдік ауқымда халықтың денсаулығы мен экономикалық әл-ауқатына үлкен қауіп төндіреді.

Болашақ туралы ойлайтын мемлекеттік басқару органдары қазірдің өзінде басымдықтарды инновацияларды енгізу және серпінді реттеу жөніндегі бастамалардың пайдалына ығыстыруда, бұл жеке бизнеспен оған борыштардан шығуға және рентабельділіктің жоғары деңгейіне шығуға көмектесу үшін неғұрлым тығыз өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Жедел орындау, бақылау және нәтижелерді бақылау – бұл кез-келген мемлекеттік ұйымның қазіргі жағдайда жұмыс істеуінің үш негізгі қағидасы болуда.

Сондай –ақ, бейімделетін, экономикалық тиімді және клиентке бағдарланған модель құруға көмектесетін қазіргі заманғы технологияларды, платформаларды, жүйелер мен процестерді әзірлеуге инвестициялар – бұл мемлекеттік басқарудағы одан әрі дамудың жалғыз дұрыс жолы. Болашақта борыштық жүктеме проблемаларын шешуде цифрландыру шешуші рөл атқарады, өйткені ол мемлекеттік басқару органдарына қоғамның барған сайын жаңа қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Кесте 1- Дүниежүзінде болған пандемиялар**Table 1- Pandemics in the world**

Пандемия аттары	Басталуы	Аяқталуы	Қайтыс болғандар саны
Қара өлім	1331	1353	75 000 000
Итальяндық оба	1623	1632	280 000
Севильядағы ұлы оба	1647	1652	2 000 000
Лондондағы ұлы оба	1665	1666	100 000
Марсельдегі ұлы оба	1720	1722	100 000
Алғашқы тырысқақ пандемиясы	1816	1826	100 000
Екінші тырысқақ пандемиясы	1829	1851	100 000
Ресейдегі тырысқақ пандемиясы	1852	1860	1 000 000
Әлемдік тұмау пандемиясы	1889	1890	1 000 000
Алтыншы тырысқақ пандемиясы	1899	1923	800 000
Летаргиялық энцефалит пандемиясы	1915	1926	15 000 000
Испан тұмауы	1918	1920	100 000 000
Азиялық тұмау	1957	1958	2 000 000
Гонконг тұмауы	1968	1969	1 000 000
Шошқа тұмауының пандемиясы	2009	2010	203 000

Ескерту – G. Alfani. «Pandemics and Asymmetric Shocks» еңбегінің негізінде құрастырылған [13, б.197]

Қазіргі кезде сан түрлі әлем елдері індеттің жаңадан шығып жатқан түрлерімен барынша күресуде. Шет елдік статистика сүйенетін болсақ, бейресми секторда жұмыс істейтін 71 миллион адам пандемия салдарынан кедейшілікке ұшыраған. Сонымен қатар, әлемдік сауда 32 пайызға, шетелдік инвестициялар 40 пайызға төмендеген [14].

Жалпылама алғанда, дүниежүзі елдерінің үкіметтеріне осы індетпен күресуде шараларды шұғыл түрде әзірлеуде уақыт жетпеді және сол себепті біршама ережелерді шұғыл дайындап, әкімшілдік процедураларды және жаңа реформалар нысандарын пайдаланды. Пайдаланған шаралардың нәтижелері әр елде әртүрлі болды. Дей тұрғанменен оң нәтиже көп болған жоқ. Мұндай жаңа экономикалық дағдарыс салдары жалпы үкіметтің жаңа заңдарды, яғни, конституциялық рәсімдерден басқа талаптарды өте шұғыл қабылдауды талап етті.

Бүкіл әлемдегі үкіметтер вирустың клиникалық көрінісі толық зерттелмеген кезде және қабылданған тежеу шараларының тиімділігі туралы сенімді мәліметтер базасы болмаған кезде күрделі контексте жедел реттеу шараларын жасауға мәжбүр болды. Әр мемлекет өз қалауы бойынша және мүмкіндіктерге сүйене отырып әрекет етті. Әлем елдерінің үкіметтері індетті жеңуде төмендегідей шаралар жасады.

Қытай Халық Республикасы пандемияның тамыры, ошағы болғандықтан, ел үкіметі жедел шаралар қолданып, індетпен күресуге барын салды. Бұл елдегі қатаң тәртіптің нәтижесінде індеттің қарқыны барынша сейілді.

2020 жылдың наурыз айында алып елдердің бірі Ұлыбритания үкіметі төтенше жағдайлар туралы заң қабылдады, яғни, 70 заң актілеріне өзгерістер енгізді. Қабылданған Заңнама-лық өзгерістер полицияға, иммиграциялық қызметтерге COVID-19 таралуына жол бермеу нәтижесінде жиналыстар, халық көп жиналатын іс-шараларға тыйым салып шектеу жайлы өкілеттіліктер ұсынды. Тұтыну қызметтері, азық-түлік, дәрі-дәрмектер жеткізу сияқты қызметтер жеңілдетілді. Қабылданған заңдар 2 жыл мерзімге дейінгі уақытқа жоспарланған. Біраз індеттің жай-күйіне байланысты не ұзартылуы, не қысқартылуы мүмкін екендігі ескертілген.

Франция мемлекеті де басқа мемлекеттер сияқты пандемиямен күресу жолында локдаун жариялап, төтенше жағдай туралы заң қабылдады. Барлық адам өміріне қауіпті қозғалысты шектеді. Бұл жағдайға француз компаниялары да арнайы экономикалық реформалар енгізуге ұсыныс тастап, індеттің өршуіне тосқауыл қоя білді. Мамыр айынан қазан айына дейінгі уақытта елде төтенше жағдай жарияланды.

Нидерланды елі локдаун жарияланбаған елдердің қатарында болды. Үкімет аймақтардың әкімдеріне уәкілеттілікті жекелеп берген. Ал шешімді орталық үкіметпен келісілген түрде орындады. Дегенмен, барлық елдерге тән үкіметте шұғыл қабылданған шаралар халықтың наразылығын тудырды.

Әлемде COVID-19-дан қайтыс болғандардың саны 1,2 миллион адамнан асты, бұрын-соңды болмаған бұл дағдарыстан зардап шекпеген ел болмады. Қытай, Оңтүстік

Корея, Италия, Испания адам шығыны бойынша жоғарғы деңгейді көрсетті. Әлем елдерінде пандемияны жою үшін төмендегі кестедегідей шаралар жүзеге асырылды.

Пандемия кезінде адамдардың өмірін сақтап қалуға және экономиканың құлдырау деңгейінің шектелуіне үлкен ақша құю көптеген елдердің мемлекеттік қарызының

ғарыштық көрсеткіштерге жетуіне әкелді. Мемлекеттік органдар пандемия кезіндегі бағаны қатаң салықтық-бюджеттік шаралармен шектеуге тырысуы мүмкін, бұл, өкінішке орай, технологияны дамыту, жаңа білікті кадрларды даярлау, цифрлық қызметтер және экономиканың өсуі үшін қажет болашақ инвестицияларды нақты шектейді.

Кесте 2 - Шет мемлекеттердің пандемиямен күресуде қолданған шаралары

Table 2-Measures taken by foreign States in the fight against the pandemic

Мемлекеттер	Үкіметтің пандемиямен күресу шаралары
Қытай	1. ШОК қамтамасыз етілмеген кредиттерін қолдау 2. Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған жарналарды төлеуді шегеру 3. Кредиттерді төлеуді шегеру 4. Дәрігерлердің жалақысын көтеру 5. Азаматтық авиацияны қаржылық қолдау 6. ШОБ субъектілеріне жеңілдетілген түрдегі кредиттер беру
Түркия	1. 2 млн астам аз қамтылған отбасыларға 1000 лир ақшалай қолдау беру 2. Салықтық жеңілдіктерді енгізу 3. Түрік авиакомпанияларына субсидиялар беру 4. Медициналық персонал үшін жалақыны көтеру 5. Ең төменгі зейнетақыны арттыру 6. Пандемия салдарынан еңбек шарты бұзылған жұмысшыларға мемлекет тарапынан өтемақы төлеу
Корея	1. Цифрлық технологияларды кеңнен қолдануға жағдай жасау 2. Халықты жаппай тестілеу 3. Цифрлық салаларға инвестиция тарту
Германия	1. 3 ай жұмыссыздарға төлемдер тағайындау 2. Салық жеңілдіктерін енгізу 3. ШОБ арналған гранттар 4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қаржылық қолдау жасау

Ескерту -Автормен құрастырылған [15]

Қарыз жүктемесін басқару мәселесін сәтті шешу үшін мемлекеттік органдарға ойлаудың дәстүрлі тәсілдерін байыпты қарау немесе тіпті олардан бас тарту қажет болуы мүмкін. Олар бағдарламалар мен қаржыландыруды қысқартуға арқа сүйеуді тоқтатып, ҒЗТҚЖ, капиталға инвестициялар салуды, жаңа жұмыс орындарын құруды, бюджетке өмірлік маңызы бар салық түсімдерін және т. б. ынталандыра отырып, тұрақты экономикалық өсу мен алға жылжудың негізінде жасалған бағдарламаларды, инвестициялар мен инновацияларды іске асыру үшін жаңа мүмкіндіктер іздестірумен айналысуы тиіс.

Төмен деңгейдегі елдер денсаулық сақтау жүйесінің тұрақсыздануымен, жаппай жұмыссыздықпен, халықты базалық қызметтермен қамтамасыз етудің төмен деңгейімен, азық-түліктің жетіспеушілігі мен қымбаттауына бетпе-бет келуде. Халықтың неғұрлым осал топтарының, мүгедектердің, қарт адамдардың, балалардың, еңбек мигранттарының, босқындардың одан әрі өмір сүру мәселесі өткір болды [16].

Коронавирустық инфекцияның қысқа мерзімде тез таралуы денсаулық сақтау және экономика саласындағы төтенше жағдайдың шиеленісуіне әкелді және тұтастай алғанда мемлекет институтының жұмыс істеу тиімділігінің дәрежесін тексеруден өткізді. Негізінен қаржы нарықтарындағы проблемалармен, экономикалық циклдермен немесе жылжымайтын мүлік нарығындағы мәселелерге байланысты болған алдыңғы дағдарыстармен салыстырғанда, 2020 жылы экономиканың құлдырауы көбінесе үкіметтердің эпидемияның таралуын болдырмауға және оның ықтимал санын азайтуға бағытталған саяси шешімдерінің салдарымен сипатталады.

Ол сондай-ақ қаржы нарықтарындағы құбылмалылықты және мемлекеттік басқару органдары тарапынан баяу немесе жеткіліксіз жауап шараларына наразылық тудырады.

Covid-19-ға дейін көптеген елдер күшті экономикалық көрсеткіштер мен толық жұмыспен қамтылған еді. Осыған орай, негізгі қоғамдық институттарға - мемлекеттік бас-


қару органдарына, бизнеске, бұқаралық ақпарат құралдарына және үкіметтік емес ұйымдарға сенімдері мол болатын.

Осы кезеңге дейін әлемдегі бес көтеріліс адамдардың сенімін айтарлықтай өзгертті: жаһандану, Ирак соғысы, 2008-2009 жылдардағы әлемдік құлдырау, Қытай мен Үндістанның көтерілуі және әлеуметтік желілердің келуі. Екінші онжылдық элита өкілдері мен халықтың қалың бұқарасы арасындағы сенімнің алшақтығымен, сондай-

ақ мемлекеттік басқару органдарының болып жатқан өзгерістер процестерінде бастама көтере алмауымен ерекшеленді. Ақпараттың дұрыс таралмауынан әлемнің барлық жерінде халықтың қорқынышы мен сенімсіздігі басым болды.

Алайда, 2021 жылы жарияланған Edelman компаниясының «Сенім барометрі» атты зерттеуінде әлем халқының барлық ұйымдардың іс-әрекетінің дұрыстығына сенбейтінін көрсетті.

«Сенім барометрі» зерттеуі



Сурет 1- «Сенім барометрі» атты зерттеу нәтижелері

Figure 1-Results of the research «Barometer of Faith»

Ескерту – Деректер дереккөз негізінде берілген [17]

Халықтың ең үлкен сенімін тудыратын - ғалымдар, дәрігерлер, денсаулық сақтау саласындағы шенеуніктер болып табылады.

Жаңа онжылдықта жүйеде алғашқы соққы COVID-19 болды. Осы өте қиын сәтте басқару саласының мақсаты қоғамның сенімін қалпына келтіруге міндетті болып табылады.

Сол себепті дағдарысты еңсеру жөніндегі іс-әрекеттерінде мемлекеттік басқару органдары өздерінің құзыреттілігін дәлелдеуі керек. Бұқаралық ақпарат құралдары фактілер туралы объективті пайымдаулар шығаруға тиіс. Барлық салалар үшін жаңа сенім дәуірінің негізін қалап, бірлесіп жұмыс істейтін уақыт келді.

Жалпы Қазақстанда 2019 жылы мұнай өндірудегі тоқырауға, шетелдік инвестициялардың аздығына және ішкі сұраныстың төмендеуіне байланысты өсу баяулады. COVID - 19 өршуімен бірге тауарлар бағасы мен сұраныстың төмендеуі өсу қарқынына, экспорт пен бюджет кірістеріне айтарлықтай соққы болып табылады, бұл мемлекеттің араласуын қажет етеді. Ресми мәліметтер бойынша, сауда, қоғамдық тамақтану және туризм саласындағы шағын және орта кәсіпорындарда, басқа салаларға қарағанда қатты зардап шекті. Сарапшылардың пікірінше, елде 300 000 ШОК жұмысын тоқтатты, яғни, 2019 жылы ЖІӨ-нің 4,5% - ын құрайтын өсім, 2020 жылы 2,5% құрады.

2020 жылы карантиндік іс-шараларды іске асыру салық түсімдерінің төмендеуіне алып келді, яғни, Қазақстанда бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің -5,3% - на дейін өсті.

Азық-түлік импорты мен жүк тасымалының жалғасуы аясында негізгі азық-түлік тауарларының экспортына тыйым жарияланды және азық-түлік бағасының өсу шегі енгізілді.

Пандемия кезінде ҚР ҰБ коммерциялық банктер үшін қайта қаржыландыру үрдісін жеңілдетті. Теңгені қолдау мақсатында мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты валюталық бақылау енгізілді.

Экономикалық қолдау шаралары бойынша үкімет пандемияның экономикалық салдарын жұмсартуға бағытталған құны 10 млрд АҚШ доллары тұратын дағдарысқа қарсы шаралар пакетін әзірледі, яғни, аталған пакет бизнесті де, ең алдымен ШОК пен үй шаруашылығын да қолдауға бағытталды. Мемлекет әлеуметтік қорғау шараларын күшейтуді қаржыландырады, оның ішінде жалақы мен жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеуді және әлеуметтік қорғалмаған санаттарға жататын 11,5 мың адамды азық-түлік себеттерімен қамтамасыз етуді субсидиялайды. Кәсіпорындарды қолдау өтімділікке, несие кепілдіктеріне және уақытша салық жеңілдіктеріне қатысты, олардың қызметін қолдауға және жұмыс орындарын сақтауға бағытталған және ішінара DAMU қоры арқылы жүзеге асырылады.

Үкімет ең көп зардап шеккен салаларды қолдауға бағытталған қалпына келтіру шараларының пакетін әзірлеумен айналысатынын және ағымдағы жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» жаңа мемлекеттік бағдарламасы аясында төтенше жағдай аяқталғаннан кейін жұмыспен қамтудың негізгі шарасы ретінде миллионнан астам жұмыс орнын құруды жоспарлады. Сондай-ақ мамыр айының соңында Үкімет

іскерлік белсенділікті ынталандыру, жұмыспен қамтуды қолдау және кірістерді ұлғайту үшін экономикалық өсуді қалпына келтіру бойынша кешенді жоспар қабылдады. Салықтық бюджеттік шараларға, ең алдымен, жеңілдетілген несие беру және кепілдік беру тетіктерін кеңейту, экспорттық шығындарды өтеу және салықтар мен несиелерді төлеу бойынша қосымша төлемдер кіреді. Сонымен қатар, үкімет экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, аталған комиссия экономикалық қалпына келтіру бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысты.

COVID-19 мемлекет кірістерінің төмендеуіне әкеліп соқты және бюджет-салық саласында айтарлықтай өзгерістер болды. Пандемияның сауда мен өнеркәсіп өндірісіне теріс әсері алдағы уақытта да күтіледі. Қазақстан экономикасының құрылымдық проблемаларын назарға ала отырып, орнықтылықты сақтау перспективалары, ең алдымен, әлеуметтік қорғау шаралары үй шаруашылықтарын тұтыну деңгейін қолдай ала ма, ал банк жүйесі жеке секторды өтімділікпен қамтамасыз ете ала ма, сондай – ақ мемлекеттік кәсіпорындарды басқару мен бәсекелестікті қоса алғанда, инвестициялық және іскерлік ахуалды жақсартуға байланысты болады [18].

Суретте берілген мемлекеттік басқару тиімділігін бағалау әдістерінің ішіндегі біздің зерттеуімізге, яғни, пандемия жағдайындағы үкімет тарапынан жасалған шараларды негізге ала отырып, ивент талдау жасалды. Ивент талдауға негізі үкімет қабылдаған шаралар 2020 жылы жүзеге асқандықтан осы аталған жыл қарастырылды. Жалпы ивент талдау мемлекеттік орган құрылымдарының пандемия жағдайының белсенділігінің негізінде нәтижелі болып табылады. Ивент талдауда денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік сала, экономика, логистика жалпы мемлекеттік басқару салаларында қабылданған реформалар бойынша талданды.



Сурет 2- Мемлекеттік басқару тиімділігін бағалау әдістері
Figure 2-methods of assessing the effectiveness of public administration

Ескерту – Авторлармен құрастырылған [19]

Кесте 3- ҚР пандемиямен күресудегі қабылдаған шаралары
Table 3 - Measures taken by the Republic of Kazakhstan in the fight against the pandemic

Кезең	Сипаттамасы
1	2
Қаңтар- ақпан	- ҚХР және халықаралық қарым-қатынас тоқтатылды; - бетперде тапшылығы, дәрі-дәрмек бағаларының негізсіз көтерілуі оны алып-сатарлықпен күресу жолдары жүргізілді; - коронавирустық инфекцияның таралу қаупінің дәрежесіне қарай ҚР транспорттық байланыстағы елдерді санаттарға бөлді; - инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі іс-шараларды үйлестірілді; - санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды күшейту шаралары қолға алынды
Наурыз	- электрондық форматтағы мемлекеттік қызметтер алу үлесі кеңейтілді; - мемлекеттік органдардың онлайн форматтағы кеңестер беруі қамтамасыз етілді; - инфекцияның таралуына байланысты математикалық модельдеуге негізделген болжамдар жасалды; - жалпы білім алушылар қашықтықтан оқытуға көшірілді; - оқушыларға теледидар арқылы өтетін видео сабақтары әзірленді; - ZOOM, электрондық қосымшалар арқылы оқу үрдісі ұйымдастырылды; - ҚР кіруге, шығуға шектеу қойылды; - барлық ҚР аймақтарында карантиндік шектеу шаралары енгізілді; - тұтырудан басқа орындардың қызметтері тоқтатылды; - «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жж. бағытталған Жол картасы» негізінде халықты жұмыспен қамтуға 11,3 мың уақытша және 441 тұрақты түрде жұмыс орнын құруға қаражат бөлінді; - медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеру туралы шешім шығарылды
Сәуір	- Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жылдам салынатын конструкциялардан 200-300 адамға арналған инфекциялық ауруханалар салуға шешім қабылданды; - Нұр-Сұлтан қаласына Қытайдан дәрігерлер бригадасы кеңес беру мақсатында келді; - гуманитарлық медициналық көмек, яғни, бетперделер, қолғаптар, тепловизорлар, ӨЖЖ аппараттары, дәрі-дәрмектер келді; - 9 және 11 сынып оқушыларында мемлекеттік бітіру емтихандары алынып тасталынды; - «Қарапайым заттар экономикасы» жеңілдетілген кредит берілді; - карантин режимі жеңілдетілді

1	2
Мамыр	- ішкі рейстер бойынша коронавирусқа ПТР-тестің нәтижесі теріс болған жағдайда жолаушыларға ұшуға рұқсат берілді; - жазылым бойынша халыққа қызметтер көрсетуге рұқсат берілді; - аймақтардағы эпидемиялық ахуалға байланысты карантиндік шаралар кезең-кезеңімен жеңілдетілді; - экономикалық өсімді қалпына келтіру негізінде 10 бағыттан және 172 салалық шаралардан тұратын кешенді жоспар қабылданды
Маусым	- темір жол байланысы қалыпқа келтірілді;
Шілде	- талапкерлерді қабылдау онлайн форматта жүзеге асырылды; - «Бизнестің жол картасы - 2025» негізінде кәсіпкерлікті қолдауға қаржы бөлінді
Тамыз	- жергілікті бюджеттен әлеуметтік осал санаттағы оқушыларға ноутбукпен қамтамасыз ету мақсатында қаржыландыру бөлінді; - жаңа оқу жылына дайындық ұйымдастырылды
Қыркүйек	- мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы жолданды; - өңірлердегі эпидимиялогиялық жағдайларына байланысты білім алушыларға онлайн, оффлайн режимдерінде білім алу ұйымдастырылды
Қазан-желтоқсан	- ҚР пандемияға байланысты шаралар толығымен бақыланып, сараланып отырылды

Ескерту – Деректер дереккөз негізінде берілген [20]

Кестеде берілген ақпараттарды инвент талдаудың негізінде келесідей қорытындыларды жасауға болады. Жалпы ивент талдау ҚР пандемия уақытында болған ситуациялық оқиғалар желісінде жасалды. Жүргізіліп отырған талдауда пандемияға қарсы барлық шаралар жиынтығының басқарылуы бойынша жүйелілігі төмен екендігі байқалды. Еліміздің азаматтары мемлекет тарапынан жасалған қолдауға қанағаттанбайды. Яғни:

- шет елдермен халықаралық қатынасты жапқанмен, індеттің таралуы азаймады;
- бетперде тапшылығын жоюда халық үй жағдайында шешімін тапты, ал дәрі-дәрмектің бағасының реттеу мүмкін болмады, өйткені ауырғандар саны күн санап артты. Үкімет барынша осы жағдаймен және алып-сатарлармен күресті. Нәтижесі қанағаттанарлықтай болмады;
- аурудың таралуына тосқауыл жасауға ұйымдастырылған шаралардың нәтижесі төмен болды. Өйткені халық көптеген құқық бұзушылыққа жол берді. Үкімет тарапынан бақылау, қатаңдық, әлсіздік танытты.
- экономистердің жасаған болжамдары нақты болды;
- мемлекеттік қызметтің онлайн берілуі, яғни, e.gov порталымен халық жаппай қызмет алуға мүмкіншілігі болды. Дей тұрғанмен порталды қолдануда бірқатар қиындықтар туындады. Бұл қиындықтар уақыт еншісінде және жұмыс барысында шешімін тапты;
- білім саласының онлайн форматқа бірден көшуі оңай болмады. Білім алушыларға арналған видео сабақтар өте аз уақытта, сапалы дайындалып ұсынылды. Жалпы пандемия кезінде білім саласы басқару жағын-

ан жүйелі және нәтижелі болып, халық сенімін ақтаған сала болып табылды;

- «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жж. бағытталған Жол картасы» бағдарламасы пандемия кезінде орта деңгейде нәтиже көрсетті.

- үкіметтің берген тапсырмасы бойынша банк жүйесі де халыққа өз мүмкіндіктерін көрсетті, яғни, халықтың несиелері бірнеше айға шегерілді.

- жедел салынған ауруханалар бүгінде халық игілігіне пайдаланылып жатыр.

Дегенмен дәл қазір 2021-2022жж. инфекцияның жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты үкімет әлі де пандемияға қарсы шараларды жағдайға байланысты қабылдауда.

Жалпы әр мемлекеттің пандемиямен күресудегі қабылданған реформаларының өзіндік ерекшелігі бар. Сол реформалар кей мемлекетте оң нәтижесін берсе, кей мемлекетте керісінше болып жатты.

Ивент талдауымызды қорытындылай келе, мемлекет қандай кезде де, қандай жағдай болмасын бәріне дайын болуы керек. Ол үшін мемлекеттік басқау жүйесі нақты, жүйелі, халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған, халықтың сенімін ақтайтын жүйе болуы тиіс. Осы пандемия кезінде орын алған олқылықтарды ескеріп, соларды қалпына келтіруге, реттеуге, барлық салалардың басқарылуын жүйелеуге мемлекет барынша күш салуы керек.

Қорытынды

Зерттеуімізді қорытындылай келе мемлекеттік басқарудағы жалпы осы қиын қыстау кезінде бірқатар салалардың басқарылуына көптеп назар аударып, өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек.

COVID-19 экономиканың ең маңызды салаларын реттеуге тағы бір дәлел болды, яғни, бірінші кезекте азық-түлік пен медицинаға қатысты өндірісті дамыту, өндіру, сақтауды тез арада қолға алу керек екендігін көрсетті. Сонымен қатар, логистика мен электрондық технологиялармен тығыз байланысты секторларды цифрландыру барынша дамытуды қажетсінеді.

Дағдарыстан кейінгі экономиканы қалпына келтіру үшін өндірісті жандандыру керек, шет мемлекеттердің нарығына шығуға экономикалық сауда ынтымақтастығын дамыту үлкен маңызға ие. Сондықтан өндірілген тауарлар сапалы, экспортқа бағытталуы керек.

Алдағы уақытта қандай дағдарыс болса да мемлекет барлығына дайын болуы керек, яғни, мемлекеттік материалдық және бюджеттік резервтердің болуын қалыптастыру керек.

Мемлекет пен халық арасында тығыз байланыстың орнатылуы, үкімет халық үніне құлақ асуы, халықтың қажеттілігімен санасуы болған жағдайда халықтың үкіметке деген сенімділігі артып, мемлекеттің басқарылуы дұрыс жолға қойылады.

Пандемия кезінде денсаулық сақтау саласында біраз олқылықтар орын алып, халықтың наразылығын тудырды. Сол себептен денсаулық сақтау саласына үлкен реформалар керек. Қандай деңгейдегі аймақ болмасын медициналық жабдықтармен, дәрі-дәрмекпен, ғылыми зертханалармен, білікті мамандармен толық қамтылуы тиіс.

Індет басталған уақыттан бастап, ақпараттық қауіпсіздік елімізде әлсіз дамығандығын көрсетті. Өйткені фейк ақпараттар таралып, халықты дүрбелең салу тоқтамады. Сондықтан осы саланың тетіктерін мемлекет тарапынан қайта қарауды қарастыру қажет.

Жоғарыда берілген ұсыныстар ескеріліп, жалпы Қазақстан Республикасының барлық салалары және мемлекеттік басқарылуы келешектегі айтулы өзгерістерге дайын болуы керек.

References

1. Address of Nazarbayev N.A. to the people of Kazakhstan (2012). Strategy «Kazakhstan-2050»: a new political course of the established state [updated December 15, 2021; cited December 28, 2021] Available: https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii-
2. Locke, D. (2020). *Two treatises on government*. Moscow, Socium.
3. Montesquieu, S.L. (2021). *Reflections on the universal monarchy in Europe*. Moscow, The Whole World Publishing House.
4. Jefferson, T. (2017). *The secret power of power*. Moscow, Algorithm.
5. Atamanchuk, G.V. (2013). *Theory of public administration*. Moscow, Omega.
6. Zerkina, D.P., & Ignatov, V.G. (2015). *Fundamentals of the theory of public administration*. Moscow, Publishing Center Mart.
7. Ikhdanov, Zh., Sansyzbayeva, G.N., & Yesenzhigitova, R.G. (2007). *Theory of public administration*. Almaty, Economics.
8. Jamaludinova, M.Yu. (2017). *State and municipal administration*. Moscow, Rusains.
9. Machiavelli, N. (2012). *The sovereign*. Moscow, Direct Media.
10. Hobbes, T. (2002). *Form and power*. Moscow, Direct Media.
11. Mukhtarova, K.S., & Smagulova, G.S. (2013). *Management of the regional economy*. Almaty, Kazakh University.
12. Mamurov, N.K., Sakhanova, A.I., Akhmetova, S.S., & Bruzati L. (2002). *Public sector management*. Almaty, Economy.
13. Alfani, G. (2020). Pandemics and Asymmetric Shocks. *Journal for the History of Environment and Society*, 5, 197–200. <https://doi.org/10.1484/j.jhes.5.122475>
14. Shen, W. (2021). Dynamically adjusted strategy in response to developments in the COVID-19 pandemic as a new normal. *Global Health*, 17(89), 2-7. <https://doi.org/10.1186/s12992-021-00746-9>
15. Thoradeniya, T., & Jayasinghe, S. (2021). COVID-19 and future pandemics: a global systems approach and relevance to SDGs. *Global Health*, 17(59), 4-10. <https://doi.org/10.1186/s12992-021-00711-6>
16. Izenkova, A.K., Rakhmatullina, A.T., Izenkova, A.K., & Tulegenova A.S., Ermekbayeva D.D. (2021). The impact of Covid-19 on the aging trend and the pension system: key policy issues. *Economics: the strategy and practice*, 16(3), 167-176. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-3-167-176>
17. Barometer of Faith (2022). Science Barometer Switzerland [updated December 15, 2021; cited December 28, 2021] Available: <https://wissenschaftsbarmeter.ch/>
18. Bukatov, E.B., Gimranova, G.I., & Shanin, S.A. (2021). State management of the sphere of circulation of medicines in the context of the COVID-19 pandemic. *Economics: the strategy and practice*, 16(3),

227-242. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-3-227-242>

19. Mukhtarova, K.S., Sansyzbayeva, G.N., & Ashirbekova, L.Zh. (2015). *Theory of public administration*. Almaty: Kazakh University.

20. Current situation on coronavirus (2022). Official information [updated December 15, 2021; cited December 28, 2021] Available: <https://www.coronavirus2020.kz>

Список литературы (транслитерация)

1. Address of Nazarbayev N.A. to the people of Kazakhstan (2012). Strategy «Kazakhstan-2050»: a new political course of the established state [updated December 15, 2021; cited December 28, 2021] Available: https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lideranacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii-

2. Locke, D. (2020). *Two treatises on government*. Moscow, Socium. (In Russ.)

3. Montesquieu, S.L. (2021). *Reflections on the universal monarchy in Europe*. Moscow, The Whole World Publishing House.

4. Jefferson, T. (2017). *The secret power of power*. Moscow, Algorithm. (In Russ.)

5. Atamanchuk, G.V. (2013). *Theory of public administration*. Moscow, Omega. (In Russ.)

6. Zerkina, D.P., & Ignatov, V.G. (2015). *Fundamentals of the theory of public administration*. Moscow, Publishing Center Mart. (In Russ.)

7. Ikhdanov, Zh., Sansyzbayeva, G.N., & Yesenzhigitova, R.G. (2007). *Theory of public administration*. Almaty, Economics. (In Kaz.)

8. Jamaludinova, M.Yu. (2017). *State and municipal administration*. Moscow, Rusains. (In Russ.)

9. Machiavelli, N. (2012). *The sovereign*. Moscow, Direct Media. (In Russ.)

10. Hobbes, T. (2002). *Form and power*. Moscow, Direct Media. (In Russ.)

11. Mukhtarova, K.S., & Smagulova, G.S. (2013). *Management of the regional economy*. Almaty, Kazakh University. (In Kaz.)

12. Mamyrov, N.K., Sakhanova, A.I., Akhmetova, S.S., & Bruzati L. (2002). *Public sector management*. Almaty, Economy. (In Kaz.)

13. Alfani, G. (2020). Pandemics and Asymmetric Shocks. *Journal for the History of Environment and Society*, 5, 197–200. <https://doi.org/10.1484/j.jhes.5.122475>

14. Shen, W. (2021). Dynamically adjusted strategy in response to developments in the COVID-19 pandemic as a new normal. *Global Health*, 17(89), 2-7. <https://doi.org/10.1186/s12992-021-00746-9>

15. Thoradeniya, T., & Jayasinghe, S. (2021). COVID-19 and future pandemics: a global systems approach and relevance to SDGs. *Global Health*, 17(59), 4-10. <https://doi.org/10.1186/s12992-021-00711-6>

16. Izenkova, A.K., Rakhmatullina, A.T., Izenkova, A.K., & Tulegenova A.S., Ermekebayeva D.D. (2021). The impact of Covid-19 on the aging trend

and the pension system: key policy issues. *Economics: the strategy and practice*, 16(3), 167-176. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-3-167-176>

17. Barometer of Faith (2022). Science Barometer Switzerland [updated December 15, 2021; cited December 28, 2021] Available: <https://wissenschaftsbarmeter.ch/>

18. Bukatov, E.B., Gimranova, G.I., & Shanin, S.A. (2021). State management of the sphere of circulation of medicines in the context of the COVID-19 pandemic. *Ekonomika: strategiya i praktika [Economics: the strategy and practice]*, 16(3), 227-242. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-3-227-242> (In Russ.)

19. Mukhtarova, K.S., Sansyzbayeva, G.N., & Ashirbekova, L.Zh. (2015). *Theory of public administration*. Almaty: Kazakh University. (In Kaz.)

20. Current situation on coronavirus (2022). Official information [updated December 15, 2021; cited December 28, 2021] Available: <https://www.coronavirus2020.kz>

Information about the authors

Ardaktygul N. Zhanbyrbayeva - PhD, Narxoz University, Kazakhstan, e-mail: ardak.zhanbyrbaeva@narxoz.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9089-1737>

* **Yana A. Yeraliyeva** - PhD, Narxoz University, Kazakhstan, e-mail: yana.yeralyeva@narxoz.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2318-5920>

Авторлар туралы мәліметтер

Жанбырбаева А.Н. - PhD, Нархоз университеті, Қазақстан, e-mail: ardak.zhanbyrbaeva@narxoz.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9089-1737>

* **Ералиева Я.А.** - PhD, Нархоз университеті, Қазақстан, e-mail: yana.yeralyeva@narxoz.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2318-5920>

Сведения об авторах

Жанбырбаева А.Н. - PhD, университет Нархоз, Казахстан, e-mail: ardak.zhanbyrbaeva@narxoz.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-9089-1737>

* **Ералиева Я.А.** - PhD, университет Нархоз, Казахстан, e-mail: yana.yeralyeva@narxoz.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2318-5920>